

«Дүниежүзі тарихы» пәнінен
тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы
11-сынып
(қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

Нұр-Сұлтан, 2020 жыл

МАЗМҰНЫ

1. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты	3
2. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар	3
3. «Дүниежүзі тарихы» пәнінен күтілетін нәтижелер	3
4. Ойлау дағдыларының деңгейі	4
5. Тоқсандарға ойлау дағдыларының деңгейіне байланысты тексерілетін мақсаттарды бөлу .	5
6. Жиынтық бағалауды өткізу ережесі	5
7. Модерация және балл қою	5
I ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ	6
II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....	14
III ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....	23
IV ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ	31

1. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес, білім алушы тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларды анықтауға бағытталған.

2. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

3. «Дүниежүзі тарихы» пәнінен күтілетін нәтижелер

Білу:

- әлемдік тарих барысына ықпал еткен әскери-саяси оқиғаларды;
- әлемдік мәдени-тарихи прогреске ықпал еткен әлемдік жаңалықтар және жетістіктерді;
- қазіргі әлемдік мәдениеттің жағдайы мен тарихын; адамның, қоғамның пайда болуы мен дамуына қатысты, әлемдік қоғамдық ойдың дамуына елеулі үлес қосқан тарихи қайраткерлерді;

Түсіну

- мемлекеттік-құқықтық институттарының маңызын;
- әлемдік өркениеттердің қалыптасуы мен дамуына табиғи-географиялық факторлардың ықпалын;
- тарих барысына әскери-саяси оқиғалардың ықпалын;
- әлемдік тарихи-мәдени прогресс үшін адамзаттың жетістіктері мен ұлы ашылулардың маңызын;
- түрлі тарихи кезеңдерде әлемдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өзгерістерге ішкі және сыртқы факторлардың ықпалын;
- әлемдік қоғамдық ойдың дамуындағы тарихи аспектілерді; тарихтың дамуына тұлғалардың ықпалын;
- жаһандық әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау үшін жалпы адамзаттық құндылықтардың маңызын;

Қолдану

- түрлі тарихи кезеңдердегі әлем халықтарының саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуындағы ерекшеліктерін анықтауда;
- әлем тарихындағы тарихи тұлғалардың рөлін анықтау кезінде;
- өткен және қазіргі кездегі оқиғалар мен құбылыстарға қатысты өз позициясын анықтау кезінде тарихи ойлау дағдыларын;

Талдау

- себеп-салдар байланыстарын анықтау мақсатында әлем тарихының оқиғаларын, құбылыстарын, процестерін;
- тарихи тұлғалар қызметінің себептері мен нәтижелерін;
- тарихи деректерді;
- жаһандану жағдайында бүгінгі қоғамның даму үрдістері мен перспективаларын;

Жинақтау

- тарихи талдау әдістерін қолдана отырып шығармашылық, танымдық, зерттеушілік, жобалық сипаттағы жұмыстарды;
- әлем халықтарының тарихи дамуының жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін анықтау мақсатында салыстырмалы тарихи сипаттамаларын;
- әлемдік тарихи-мәдени процесс туралы тұтас түсініктері мен тарихи санасын қалыптастыру үшін тұжырымдар мен гипотезаларды;

Бағалау

- түрлі тарихи кезеңдердегі қоғамның дамуына (географиялық, демографиялық, көші-қон, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және т.б.) түрлі факторлардың ықпал ету дәрежесін;
- әлем тарихының ықпалы контекстінде тарихи тұлғалар қызметін; әлемдік өркениеттің қалыптасуы мен дамуына түрлі әлем халықтары мәдениетінің қосқан үлесін; тарихи деректердің шынайылығын;
- әлем тарихының этникалық, саяси, мәдени және әлеуметтік-экономикалық мәселелері бойынша түрлі ғылыми теориялардың дәлелдік дәрежесін.

4. Ойлау дағдыларының деңгейі

Ойлау дағдыларының деңгейі	Сипаттама	Ұсынылатын тапсырмалар түрлері
Білу және түсіну	Әртүрлі елдердің мысалында нарықтық экономикаға тән белгілерді анықтау, қоғамдық ойдың дамуын түсіндіру үшін «либерализм», «ұлтшылдық», «социал-демократия», «марксизм», «экзистенциализм», прагматизм, «позитивизм» түсініктерін қолдану, әртүрлі мемлекеттердегі өнеркәсіп революциясының ерекшеліктерін анықтап, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.	Көп тандауы бар тапсырмалар (КТБ)
Қолдану	Әртүрлі елдердің мысалында нарықтық экономикаға тән белгілерді анықтау, қоғамдық ойдың дамуын түсіндіру үшін «либерализм», «ұлтшылдық», «социал-демократия», «марксизм», «экзистенциализм», прагматизм, «позитивизм» түсініктерін қолдану, әртүрлі мемлекеттердегі өнеркәсіп революциясының ерекшеліктерін анықтап, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.	Қысқа жауапты (ҚЖ) қажет ететін тапсырмаларды және/немесе толық жауапты (ТЖ) қажет ететін тапсырмаларды пайдалану ұсынылады
Жоғары деңгей дағдылары	Экономикалық жүйелердің тарихи типтерінің белгілерін түсіндіре отырып оларды жіктеу, экономиканың дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің әртүрлі амалдарын зерттеу, мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлін бағалау, әртүрлі мемлекеттердегі үкіметтік емес ұйымдардың қызметін бағалау, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін талдау, азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын бағалау, заманауи жоғары білім беру үлгілерін салыстырып,	Деңгейді тексеру үшін Қысқа жауапты (ҚЖ) қажет ететін тапсырмаларды және/немесе толық жауапты (ТЖ) қажет ететін тапсырмаларды пайдалану ұсынылады

	артықшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау, қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-техникалық прогресстің әсерін зерттеу, жаңа ғылыми бағыттар жетістіктерінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін талдау.	
--	--	--

5. Тоқсандарға ойлау дағдыларының деңгейіне байланысты тексерілетін мақсаттарды бөлу

Тоқсан	Білу және түсіну	Қолдану	Жоғары деңгей дағдылары
I	0%	40%	60%
II	0%	40%	60%
III	0%	20%	80%
IV	0%	20%	80%
Барлығы	0%	30%	70%

6. Жиынтық бағалауды өткізу ережесі

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойыңыз.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқауды оқып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығын хабарлаңыз. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығын ескертіңіз. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтыңыз.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығын ескертіңіз.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қоюды ұсыныңыз.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отырыңыз.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтініз.

7. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет

I ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

I тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны – 30 балл

Тапсырмалар түрлері:

КТБ – көп таңдауы бар тапсырмалар

ҚЖ – қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар

ТЖ – толық жауапты қажет ететін тапсырмалар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі тапсырмалар: көп жауапты таңдауы бар сұрақтар, қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады. Берілген нұсқа қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтитын 5 тапсырмадан тұрады. Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы жауап нұсқаларының ішінен бір немесе бірнеше жауап нұсқаларын таңдайды. Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді. Толық жауапты қажет ететін сұрақтарда білім алушылар орындаушылық және шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөлімдерден/сұрақтардан тұрады.

Бөлім	Тексерілетін мақсат	Ойлау дағдыларының деңгейі	Тапсырма саны*	Тапсырма №*	Тапсырма түрі*	Орындау уақыты, мин*	Балл*	Бөлім бойынша балл
Өркениет: даму ерекшеліктері	11.1.1.2 экономикалық жүйелердің тарихи типтерінің белгілерін түсіндіре отырып оларды жіктеу	Жоғары деңгей дағдылары	1	1	ҚЖ	8	7	30
	11.1.1.5 әртүрлі елдердің мысалында нарықтық экономикаға тән белгілерді анықтау	Қолдану	1	2	КТБ	5	5	
	11.1.2.2 экономиканың дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің әртүрлі амалдарын зерттеу	Жоғары деңгей дағдылары	1	3	ҚЖ	8	6	
	11.1.3.1 мемлекеттер мен аймақтардың әркелкі экономикалық дамуының тарихи алғышарттарын анықтау	Қолдану	1	4	ҚЖ	6	3	
	11.1.3.4 мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлін бағалау	Жоғары деңгей дағдылары	1	5	ТЖ	13	9	
БАРЛЫҒЫ:		-	5	-	-	40	30	30

Ескерту: * - өзгеріс енгізуге болатын бөлімдер

Тапсырмалар және балл қою кестесі үлгілері

«Дүниежүзі тарихы» пәнінен І тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

1. Экономикалық жүйелерді салыстырыңыз.

	Жоспарлы экономика	Дәстүрлі экономика
Жағымды жағы		
Жағымсыз жағы		
Мысалы (мемлекеттер)		
Қорытынды ой: Қай экономикалық жүйе мемлекет үшін тиімді?		

[7]

2. Елдерге тән нарықтық экономикалық жүйе белгілерін анықтаңыз.

№	Нарықтық экономикалық жүйе үлгісі	Сәйкестік	Әріп	Негізгі белгілері
1	Неміс үлгісі		А	Бұл аралас экономикалық жүйе үлгісін «социализмнің екінші үлгісі» деп те атайды. Бұл үлгінің ерекшеліктері: - әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономика; - мүлік теңсіздігі өте төмен; - халықтың қорғансыз топтарына көмек жоғары.
2	Швед үлгісі		В	Ол өзінің әлеуметтік-экономикалық мазмұны бойынша жапон үлгісіне жақын. Бұл үлгінің ерекшеліктері: - мемлекеттің экономикаға әсері үлкен, әсіресе, әлеуметтік мәселелерді шешуде оның орны ерекше. Әлеуметтік міндеттемелердің елеулі бөлігін мемлекет өз мойнына алады: тегін медицина, білім беру және т.б.;
3	Қытай үлгісі		С	Бұл үлгі американдық және неміс экономикасының ерекшеліктерін камтиды. Мұнда мемлекеттің реттеуші рөлі жоғары. 1947 жылдан бастап 5 жылдық индикативті жоспарлау жүзеге аса бастады. Үлгінің өзіне тән ерекшелігі: - халық шаруашылығында мемлекеттік кәсіпкерліктің үлесі ауқымды; - капиталдың қорлану үрдісіне мемлекеттің кеңінен араласуы.

4	Американдық немесе либералдық үлгі		D	Экономиканы реформалау ауыл шаруашылығынан басталды. Шаруашылық жүргізу жүйесін өзгерту үшін шаруа қожалықтары отбасы деңгейінде құрылды. Шағын шаруашылықтың қаржылық, техникалық, технологиялық мүмкіншіліктері төмен болғандықтан, шаруа қожалықтарын кооперациялардың әртүрлі нысандарына біріктіру жүзеге асырылды.
5	Француз үлгісі		E	<i>Ерекшеліктері:</i> - мемлекеттік меншіктің үлесі аз; - экономикадағы мемлекеттің реттеуші рөлі төмен; - ірі бизнестің жан-жақты дамуы; - байлар мен кедейлердің өмір сүру деңгейіндегі үлкен алшақтық; - жалақы мөлшеріндегі үлкен алшақтық; - халықтың кедей топтарының өмір сүру жағдайларының орташа болуы

Дереккөзі: Экономикалық жүйелер және олардың негізгі типтері

<https://helpiks.org/7-75708.html>

[5]


3. Мемлекеттердің географиялық орналасуының экономикалық дамуына ықпалын анықтаңыз.



Елдер	Географиялық орналасуының экономикалық тиімділігі	Географиялық орналасуының экономикалық тиімсіздігі	Экономикалық тиімсіздікті жою шаралары (мемлекеттер тарапынан жасалатын қадамдар)
Қазақстан, Монғолия			
Индия, Вьетнам			

[6]

4. Картаны және өз біліміңізді қолдана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.



Африка, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің дамушы елдер қатарында болуының негізгі себебі қандай?

Дамушы және өтпелі экономикалы елдердің басым бөлігінің экономикасы шикізат қорына негізделген. Мемлекет экономикасы негізінен шикізат экспортына бағытталуы елдің дамуына неліктен қиын болатындығын түсіндіріңіз.

Дамушы және дамыған елдер арасындағы экономикалық алшақтық қандай салдарға әкеледі?

[3]

5. Дереккөзді және өз біліміңізді қолдана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Кедейліктің көрсеткіштері:

Аса кедейліктің ең түбегейлі қысқаруы Шығыс Азияда болды, онда оның деңгейі 1981 жылғы 80% - дан 2012 жылы 7,2% - ға дейін төмендеді. Оңтүстік Азияда аса кедейлікте тұратын халықтың үлесі 1981 жылғы 58% - дан 2012 жылы 18,7% - ға дейін қысқарып, 1981 жылдан бастап ең төмен деңгейге жетті. Африка елдерінде Сахарадан оңтүстікке қарай кедейлік деңгейі 2012 жылы 42,6% құрады.

Соңғы үш онжылдықта аса кедейлікті қысқартудың ең көп бөлігі Қытайға келді. 1981 жылдан 2011 жылға дейінгі кезеңде ең жоғары кедейлік шегі күніне 1,9 доллар болатын 753 миллион Қытай тұрғындары еңсерген. Барлық дамушы елдерде бірге кедейлер саны сол кезеңде 1,1 миллиард адамға қысқарды.

Жан-жақты қамтитын сипаттағы тұрақты экономикалық өсуді ынталандыру, неғұрлым жоғары сапалы көп жұмыс орындарын құру, халықтың ең осал топтарына қарқынды өзгерістерінің салдарын жеңуге көмектесетін пәрменді әлеуметтік қорғау бағдарламаларын әзірлеу маңызды.

Дүниежүзілік банк тобы кедейлікті жоюға бағытталған жұмысты әртүрлі нысандарда жергілікті халықтың өмірін өзгертетін жобаларды қаржыландырудан, ең кедей және әлеуметтік осал азаматтарға бағдарламалардың атаулы бағытталуын қамтамасыз ету үшін аса маңызды деректер мен дәлелдемелерді жинау мен талдаудан бастап, барлық халықтың пайдасына жұмсалатын және болашақ ұрпақтың әл-ауқаты үшін негіз қалайтын жан-жақты, пәрменді саясатты қалыптастыруда елдер үкіметтеріне жәрдемдесуге дейін жүргізеді.

Дереккөзі: Всемирный банк в Бедность – обзор

<https://www.vsemirnyjbank.org/ru/topic/poverty/overview#1>

Дүниежүзі бойынша кедейліктің өсуі, таралуы қандай себептерге байланысты?

1.
2.
3.

Дүниежүзілік банктің кедейлікпен күресудегі негізгі үш бағытын көрсетіңіз.

1.
2.
3.

Дүниежүзілік банктің кедейлікпен күресу жолдары қаншалықты тиімді? Баға беріңіз, өз ойыңызды түсіндіріңіз.

--

Кедейлікпен күресуді жүйелі жүргізіп отырған басқа да халықаралық ұйымдарды атаңыз.

--

Халықаралық ұйымдар мен халықаралық қауымдастық кедейлікпен неліктен күресуі қажет? Дәйектер мен дәлелдер келтіріңіз.

--

[9]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап				Балл	Қосымша мәлімет
1	<i>Жоспарлы экономиканың жағымды жағы:</i> экономикалық тұрақтылық, жұмыссыздықтың болмауы, әлеуметтік қорғалуы. <i>Жоспарлы экономиканың жағымсыз жағы:</i> жоспарлаудың тиімсіздігі тауар дефицитіне әкеледі, азаматтардың экономикалық еркіндігінің болмауы. <i>Мысалы:</i> Корея Халық Демократиялық Республикасы <i>Дәстүрлі экономиканың жағымды тұсы:</i> табиғи шаруашылыққа негізделген, жер мен капиталға ортақ тұтыну қалыптасқан. <i>Дәстүрлі экономиканың жағымсыз тұсы:</i> техникалық прогресстің болмауы, өндірілетін тауарлардың шектеулігі. <i>Мысалы:</i> Бангладеш <i>Қорытынды ой:</i> Екі экономикалық жүйені салыстырған кезде жоспарлы экономиканың тиімділігі жоғары болуы мүмкін, себебі мемлекеттің нақты жоспар бойынша экономиканы реттеуге мүмкіндігі бар.				7	Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады Қорытынды ойда дәлелдер мен дәйектерді келтіруіне байланысты мағынасы сәйес жауаптар қабылданады
2	1 B 2 A 3 D 4 E 5 C				5	
3	Елдер	Географиялық орналасуының экономикалық тиімділігі	Географиялық орналасуының экономикалық тиімсіздігі	Экономикалық тиімсізділікті жою шаралары (мемлекеттер тарапынан жасалатын қадамдар)	6	Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады
	Қазақстан Монғолия	Құрлықтың ішкі бөлігінде орналасқандықтан транзиттік жолдар бойында орналасуы, ірі мемлекеттермен шектеседі (қарым-қатынас мүмкіндітері)	Мұхит суларынан алшақтығы тауар тасымалында едәуір шығындарға әкеледі	Мемлекетаралық келісімдер жасау арқылы мұхит жолдары мен транзиттік жолдарды пайдалануда жеңілдіктерге ие болу		
	Индия Вьетнам	Жан-жақтан теңіз суларымен қоршалған,	Тропикалық, субтропиалық белдеуде орналасуы	Қорғаныс амалдарын құру және пайдалану		

		өзге мемлекеттермен су жолдары арқылы байланыс жасау, кеме қатынасының дамуы	климаттық шығындарға әкелуі (жаңбыр маусымы, су алу қауіптері)			
4	Африка, Азия елдері көптеген жылдар бойы еуропалық мемлекеттердің отары болғандықтан, олардың экономикалық дамуы тежеліп келді. Отарлық елдер экономикасы шикізат қоры ретінде қарастырылып, дәстүрлі экономикалық жүйе сақталып келді. Бұл жағдай қазіргі таңдада аса өзгеріске ұшырамады. Африка, Азия елдерінің басым бөлігі дамушы елдер қатарында				1	Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады
	Мемлекеттердің дамуында индустрияның дамуы елеулі рөл атқарады. Егерде мемлекет тек шикізатты экспортқа шығарумен шектелсе, мұндай мемлекетте техника, технология, өнеркәсіптің өзге салаларының дамуы өте шектеулі келеді, ал бұл өз кезегінде әлемдік нарықта мемлекеттің бәсекеге төтеп бере алмауына әкеледі.				1	
	Дамушы елдерден дамушы елдерге қарай миграция орын алады. Сонымен қатар төмен экономикалық даму аймақтарында қылмыс саны көп болуы, терроризм, т.с.с. мәселелердің орын алуы әбден мүмкін.				1	
5	Халықтардың басым бөлігінің ұлттық, әлемдік байлықтардан шеттетілуі. Ұлттық экономиканың әлемдік экономикалық қатынастарда бәсекеге қабілеті төмен болуы, қажеттіліктермен қамтамасыз ете алмауы. Жұмыс орындарының болмауы, т.с.с				3	
	Экономикалық даму (жергілікті халықты даму мүмкіндіктеріне қатыстыру) Инвестициялар Әлеуметтік қорғау				3	
	Кедейлікті жою үшін жалғыз дұрыс шешім жоқ – аз қамтамасыз етілген адамдарға көмек көрсету жөніндегі стратегия - әрбір жеке елдің ерекшелігін, соңғы деректер мен талдау нәтижелерін, сондай-ақ нақты адамдардың қажеттіліктерін ескеруі тиіс.				1	
	БҰҰ, Дүниежүзілік Банк, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), Еуропа Кеңесі, Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) және т. б.				1	
	Аштықтың алдын алу. Кедейлікте өмір сүретін адамдардың білім алуға, денсаулығын қамтамасыз етуге, әлеуметтік және саяси белсенді болуға мүмкіндігі шектеулі болады.				1	
Барлығы					30	

II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

II тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны – 30 балл

Тапсырмалар түрлері:

КТБ – көп таңдауы бар тапсырмалар

ҚЖ – қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар

ТЖ – толық жауапты қажет ететін тапсырмалар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі тапсырмалар: көп жауапты таңдауы бар сұрақтар, қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады. Берілген нұсқа қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтитын 5 тапсырмадан тұрады. Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы жауап нұсқаларының ішінен бір немесе бірнеше жауап нұсқаларын таңдайды. Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді. Толық жауапты қажет ететін сұрақтарда білім алушылар орындаушылық және шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөлімдерден/сұрақтардан тұрады.

II тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

Бөлім	Тексерілетін мақсат	Ойлау дағдыларының деңгейі	Тапсырма саны*	Тапсырма №*	Тапсырма түрі*	Орындау уақыты, мин*	Балл*	Бөлім бойынша балл
Саяси-құқықтық процестер	11.2.1.5 қазіргі кездегі адам құқықтарының Жалпы Декларациясының маңызын негіздеу	Қолдану	1	1	ҚЖ	6	6	30
	11.2.1.9 әртүрлі мемлекеттердегі үкіметтік емес ұйымдардың қызметін бағалау	Жоғары деңгей дағдылары	1	2	ТЖ	9	6	
	11.2.2.4 тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды талдау негізінде қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын сипаттау	Жоғары деңгей дағдылары	1	3	ТЖ	8	6	
	11.2.3.2 сепаратизм, экстремизм және халықаралық терроризмнің таралу себептері мен салдарларын анықтау	Қолдану	1	4	ҚЖ	8	6	
	11.2.3.4 бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін талдау	Жоғары деңгей дағдылары	1	5	ТЖ	9	6	
БАРЛЫҒЫ:		-	5	-	-	40	30	30
<i>Ескерту: * - өзгеріс енгізуге болатын бөлімдер</i>								

Тапсырмалар және балл қою кестесі үлгілері

«Дүниежүзі тарихы» пәнінен II тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

1. Дереккөзді және өз біліміңізді қолдана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1-бап: «Барлық адамдар тумысынан азат және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді. Адамдарға ақыл-парасат, ар-ождан берілген, сондықтан олар бір-бірімен туыстық, бауырмалдық қарым-қатынас жасаулары тиіс».

30-бап: «Бұл декларация қандай да бір мемлекетке, адамдар тобына немесе жекелеген топтарға осы Декларацияда айтылған құқықтар мен еркіндіктерді жоюға бағытталған іс-әрекеттермен айналысуға немесе оны жасауға құқық беретіндей етіп түсіндірілмеуі керек»

«Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы»

«Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының» негізгі қағидаларын жазыңыз.

1. _____
2. _____
3. _____

[3]

Біріккен Ұлттар Ұйымы «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын» қабылдау себептерін жазыңыз.

1. _____
2. _____

[2]

«Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының» дүниежүзі бойынша жүзеге асуы туралы жазыңыз.

[1]

2. Дереккөзді және өз біліміңізді қолдана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

«*Amnesty International* әлемді адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында және адам құқықтары саласындағы басқа да халықаралық стандарттарда бекітілген барлық құқықтарды пайдаланады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін *Amnesty International* физикалық және психологиялық қол сұғылмаушылыққа, ар-ождан мен өзін-өзі көрсету бостандығына, адам құқықтарын ілгерілету бойынша өз жұмысының контекстінде кемсітушіліктен еркіндікке құқықтарының Елеулі бұзылуының алдын алуға және тоқтатуға бағытталған зерттеулер мен іс-әрекеттерді қабылдайды».

*Халықаралық кеңестің 27-ші отырысында
қабылданған Amnesty International жарғысы, 2005 жыл*

Amnesty International (сондай — ақ Amnesty, AI, Халықаралық рақымшылық, МА, "Эмнести" сияқты танымал) - "физикалық және психологиялық қол сұғылмаушылыққа, ар-ождан мен өзін-өзі көрсету бостандығына, адам құқықтарын ілгерілету бойынша өз жұмысының контекстінде кемсітушіліктен еркіндікке құқықтарының бұзылуының алдын алуға және тоқтатуға бағытталған зерттеулер мен іс-әрекеттерді қабылдау" мақсатын қоятын Ұлыбританияда 1961 жылы құрылған халықаралық үкіметтік емес ұйым.

Үкіметтік емес ұйымдар құру қандай қажеттіліктен туындайтынын жазыңыз.

1. _____
2. _____ [2]

Үкіметтік емес ұйымдардың азаматтық қоғамды қалыптастырудағы роліне екі мысал келтіріңіз.

1. _____
2. _____ [2]

Үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекет (мемлекеттік органдар) арасындағы қарым-қатынас қандай болады? Amnesty International (өзге де ұйымдар) мысалында жағымды және жағымсыз тұсын қарастырыңыз

_____ [2]

3. Дереккөзді және өз біліміңізді қолдана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

«Қырғи қабақ соғыс аяқталғаннан кейін құрылған тәртіп АҚШ-тың сөзсіз артықшылығы мен гегемониясына негізделді, бұл олардың нақты күштеріне ғана емес, сонымен қатар олардың әсер ету қабілетіне немесе басқа елдердің Вашингтонның басшылығын жағымды түрде қабылдауға деген ұмтылысына байланысты болды. Әсер бірқатар қателіктер мен сәтсіздіктерден кейін әлсіреді, оның ішінде қаржылық дағдарыстың туындауы, экономиканың дұрыс реттелмеуі, халықаралық құқықты бұзатын тым агрессивті ұлттық қауіпсіздік саясаты, сондай-ақ әкімшіліктің ішкі қабілетсіздігі және нашар жұмыс істейтін саяси жүйе».

Американдық сыртқы саясат талдаушысы Ричард Хаас

«Жаңа еуропалық тәртіп соғыстан кейінгі барлық жүйелерден өзгеше болды ... Еуропаның қайта құрылымдалуы көбінесе биполярлық әлемнің құрылымы ретінде құрылған Батыс институттарының таралуы түрінде өтті. Еуропаны біріктірудің үлгісі Германияны біріктіру болды ... Еуропалықтар өз жүйесінің ерекше табиғатын жақсы білді, бірақ оның әмбебап екендігіне сенімді болды. ДСҰ мен Киото хаттамасына негізделген еуропалық құндылықтар, сондай-ақ Халықаралық қылмыстық сот және «қорғау міндеті» барған сайын күшейе түсті. Еуропалықтар экономикалық өзара тәуелділік пен жалпы өмір салты болашақтағы әлемдегі қауіпсіздіктің басты көзіне айналатынына сенімді болды. Өз инновацияларынан эйфорияны сақтай отырып, Еуропалық Одақ басқа державалармен байланысты жоғалтты - олар басқа өкілдіктер жүйесін түсінудің орнына, еуропалық стандарттарға сәйкес келмейтін нәрсені көрді. Бұл ЕО-ның көршілеріне, Қытай сияқты ұлы державаларға, тіпті Америка Құрама Штаттарындағы одақтастарға да қатысты».

Еуропалық Кеңестің халықаралық істер жөніндегі баяндамаларынан

«Қырғи-қабақ» соғысы аяқталғаннан кейін халықаралық қатынастар жүйесінің өзгеруі туралы екі дерек жазыңыз.

_____ [2]

Қазіргі кезде әлемде халықаралық қатынастардағы басым күштер қай елдерге тиесілі болды.

_____ [2]


«Биполярлық жүйенің жойылуы әлем үшін тиімді болды» деген пікірмен қаншалықты келісесіз. Өз ойыңызды дәлелдеңіз.

[2]

4. Сепаратизм және халықаралық терроризмнің ерекшеліктерін анықтаңыз.



Дүниежүзіндегі террористік қақтығыстардың жылдар бойынша саны
Дереккөзі: <https://mydata.biz/ru/catalog/databases/gtd>



Еуропалық сепаратизм ошақтары

Дереккөзі: <https://vmeste-rf.tv/analytcs/analyst-modern-separatism-is-a-matter-of-national-or-economic-the-degree-of-overheating-of-the-europ/>

	Сепаратизм	Терроризм
Бұл не? (анықтамасы, түсініктемесі)		
Неліктен пайда болады? (себебі)		
Салдары қандай (тарихи оқиғалар мысалында)		

[6]

5. Дереккөзді және өз біліміңізді қолдана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

«Қауіпсіздік Кеңесі ынтымақтаса және бірыңғай дауыспен сөйлесе, оның шешімдері шешуші әсер етуі мүмкін».

«Американдықтардан Африкаға, Азия мен Еуропаға дейінгі барлық континенттерде популизм мен оқшауланудың жалған үндеуі күшейіп келе жатқан кезде бұл күшті, ортақ дауыс бұрынғыдан да қажет».

*Пан Ги Мун,
БҰҰ-ның 8-ші Бас хатшысы (01.01.2007 -31.12.2016)*

«Бұрынғы кезде АҚШ пен Кеңес Одағы арасындағы елеулі қақтығыс болды. Енді Құрама Штаттар мен ресейліктер болған қақтығысқа қатысушылардың барлығын бұрынғыдай бақыламайды».

«Өткен ғасырдағы қырғи-қабақ соғыс кезінде тараптар арасында қақтығыс қаупі болған кезде оқиғалардың бақылаудан тыс қалмауын қамтамасыз ететін диалог пен байланыс үшін белгілі бір функциялар болатын. Алайда, бүгінде бұл тетіктер жоқ».

«Біз ертерек және бірігіп әрекет етсек, дағдарыстың шиеленісуіне, өмірді құтқаруға және азапты азайтуға қарсы тұра аламыз - бұл Біріккен Ұлттар Ұйымының басты мандатын орындау».

*Антониу Гутерриш,
БҰҰ Бас хатшысы*

Қазіргі кезде Біріккен Ұлттар Ұйымы секілді халықаралық ұйымдар үшін халықаралық қақтығыстарды шешу неліктен қиынға соғатынын жазыңыз.

[2]

БҰҰ-ның қақтығыстарды шешу үшін қолданатын іс-шараларын (іс-әрекет, қадамдар) жазыңыз.

[2]

Халықаралық қақтығыстарды шешуде дүниежүзілік қауымдастық қалай әрекет етуге тиісті екендігін көрсетіңіз.

[2]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша мәлімет
1	1.Адам құқықтары жалпыға бірдей, әмбебап 2.Адам құқықтары адамның ажырамас құқықтары – ешкім ешқандай адамды адам құқытарынан айыра алмайды 3.Адам құқытарының мемлекеттер тарапынан қорғау қажеттілігі	3	Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады
	1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылған кезде, халықаралық қоғамдастық мүшелері осы соғыста орын алған қатыгездіктерді жасамауға жолдарды қарастырды. 2. Әлемдік көшбасшылар БҰҰ Жарғысын әр жерде және әрқашан әркімнің құқығына кепілдік беретін құжатпен толықтыруға шешім қабылдады.	2	
	Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы мемлекеттерге міндетті емес, ұсынылған құжат ретінде қарастырылады. Сондықтан мемлекеттер құжатқа сәйкес адам құқықтарына қатысты саясатты жүргізуі, жүргізбеуі де мүмкін.	1	
2	1.Азаматтар коммерциялық емес бастамаларды жүзеге асыру үшін 2. Қоғам үшін маңызды әлеуметтік өзгерістерге қол жеткізуге бағытталған және мемлекет пен қоғамдық институттардың арасындағы байланысты орнату	2	Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады
	Үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттік билік шешімдерін қабылдау процессіне әсер ету үшін саясаттық емес әдіс қолданатын, қоғамның азаматтық белсенділіктің өсуіне мүмкіндік туғызады. Азаматтық қоғам жұмыс істеу үшін қажетті, адам құқығын қорғау, қоршаған орта мен экология, гендерлік мәселелер, халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз тобының мүдделерін қорғау сияқты әлеуметтік маңызы бар салаларда қызмет етеді.	2	
	Ұйымның күшті жақтарының бірі - бейтарап, сенімді есептерді жариялау. Есептерге материалдар жинау құрбандармен және шенеуніктермен сұхбаттасу, сот процестерінде бақылау, даладағы құқық қорғаушылармен жұмыс және БАҚ-тың хабарларын бақылау арқылы жүзеге асырылады. Ұйым баспасөз хабарламаларын уақтылы шығаруға тырысады, сонымен қатар ақпаратты бюллетеньдер мен веб-сайттарда жариялайды. Сонымен қатар, ол елдегі жағдайды зерттеу үшін ол жерге (мемлекеттерге) ресми делегацияларды жібереді. Кейбір кездері мемлекет тарапынан ақпарат берілмейді немесе ұйым жұмысына ешбір қолдау көрсетілмейді, себебі <i>Amnesty International</i> ұйымы мемлекеттердің ішкі мәселелерін әшкерелеп, жағымсыз тұстарын жариялап жатады.	2	

3	«Қырғи қабақ соғыстың» негізгі нәтижесі Батыс, ең алдымен, Америка Құрама Штаттары саяси, экономикалық және мәдени салада жаһандық үстемдікке ұмтылатын әлемдік жүйенің қалыптасуы болды. Америка Құрама Штаттары қазіргі халықаралық қатынастардың экономикалық құрылымында, әскери-стратегиялық құрылымында жетекші орын алады, сонымен қатар технологиялық және ғылыми-техникалық жағынан көшбасшы. Еуропалық елдер ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ әлемдік деңгейдегі өзіндік жоғары дәрежені (экономикалық, саяси) сақтау үшін Еуропалық Одақты құрып, дамыды. Дегенмен салыстырмалы түрде АҚШ-тың атақ-дәрежесі, ықпалы өзге елдерден басым болды.			2	Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады
	Америка Құрама Штаттарымен қатар бірқатар мемлекеттер халықаралық жетекші қатысушылардың қатарына кіреді. Ресей Федерациясынан басқа, бұл Батыс Еуропа елдері, Жапония, Қытай, Үндістан, Бразилия және басқа да бірқатар мемлекеттер. Атап айтқанда, Жапония - әлемдегі ең дамыған елдердің бірі. Ұзақ уақыт бойы ол әлемдік экономикада екінші орынды иеленді, бірақ бүгінде ол Қытайға жол берді. Қырғи қабақ соғыс аяқталғаннан кейін Жапония әлемдік саясаттағы рөлін күшейтуге ұмтылуда, бұл аймақтық және жаһандық деңгейде халықаралық қатынастар жүйесінде көрініс табады. Батыс Еуропаның ірі мемлекеттері - Германия, Ұлыбритания және Франция дәстүрлі түрде халықаралық қатынастарда маңызды рөл атқарады.			2	
	Екі маңызды орталықтың (АҚШ пен КСРО) маңызды аумақтарды бақылауы және олардың халықаралық аренадағы ойын ережелерін белгілеу нәтижесінде кей уақыттарда бейтарап аймақтарда қатығыстарға алып келіп отырды. Қырғи-қабақ соғысы аяқталуымен бүкіл дүниежүзі бойынша АҚШ гегемониясы орын алады. Бұрынғы кезде АҚШ пен КСРО өзара бір-біріне тежеуші ел ретінде қарастырылса, ендігі кезекте АҚШ-тың сыртқы саясаттағы белсенділігін тежейтін елдер болмады, сондықтан бұл елдің әлем бойынша ықпалы күшейе түсті. Кейінгі жылдары Қытай Халық Республикасы экономикалық тұрғыдан күшейе отырып, саяси істерге белсенді араласып, өз гегемониясын жүргізуге тырысады.			2	
4	Бұл не? (анықтамасы, түсіндірмесі)	Сепаратизм Жікшілдік, оңашалануға тырысушылық. Халықтың мемлекеттен	Терроризм Ел ішінде үрей және дүрбелең тудыру мақсатында бір немесе адамдар тарапынан жеке адам	6	Басқа да дұрыс жауаптар қабылданады

		бөліну әрекеті	және қоғам тәртібін, тыныштығы мен қауіпсіздігін бұзатын іс-әрекеттер мен іс-шараларды ұйымдастыру		
	Неліктен пайда болады? (себебі)	Көп ұлтты мемлекеттердегі аз ұлттың өкілдері алдына бөлек мемлекет болып бөлініп шығуға немесе автономия алуға ұмтылады.	Мемлекеттердің, халықтардың рационалды түрде ойлауларына, бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүрулеріне кедергі жасау. Сонымен бірге қоғамда дүрбелең тудырып, көшеде, жұмыс және дем алатын жерлерде, халықтың көп шоғырланған орталарында, сауда саттық орталықтарында оқу және мәдениет ошақтарында кез-келген уақытта бүлік шығарып, үрей тудыру.		
	Салдары қандай (тарихи оқиғалар мысалында)	Көтерілістер, қақтығыстар көбейе түседі. Курдтердің Түркиядан, ұйғырлардың Қытайдан бөліну әрекеттері	Терроризмнің ең жойқын салдары - адам шығыны. Терроризм экономикалық жүйеге де зиянын тигізеді. Терроризммен күресу үшін үкімет көбірек қаражат жұмсау керек, бұл туризм индустриясы мен басқа салаларға да әсер етеді.		
5	Біріккен Ұлттар Ұйымында мәселелер шешу барысында мемлекеттердің өзара бірыңғай пікірге келуі қиынға соғады. Қырғи-қабақ соғысы кезінде орын алған мемлекеттердің арасында байланыс жасау тетіктері бұзылған.			2	
	БҰҰ Жарғысында бейбітшілікті бұзатын мемлекеттерге қарсы алдын алу және мәжбүрлеу шаралары қарастырылған. Мәжбүрлеу шаралары қарулы күш қолдану және экономикалық санкциялар болуы мүмкін. Біріккен Ұлттар Ұйымының басты мандатын орындау			2	
	Гуттериштің пікірінше, проблемаларды шешу және алдын-алу тәсілдері жан-жақты және жақсы келісілген болуы керек. Бұл күш-жігер дамуға, адам құқықтары мен теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қамтуы керек. Халықаралық қақтығыстарға қатысушылардың қақтығысты жоюға бағытталған ұмтылысы, сондай-ақ шынайы әрекеттері керек.			2	
Барлығы:				30	

ІІІ ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

ІІІ тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны – 30 балл

Тапсырмалар түрлері:

КТБ – көп таңдауы бар тапсырмалар

ҚЖ – қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар

ТЖ – толық жауапты қажет ететін тапсырмалар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі тапсырмалар: көп жауапты таңдауы бар сұрақтар, қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады. Берілген нұсқа қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтитын 5 тапсырмадан тұрады. Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы жауап нұсқаларының ішінен бір немесе бірнеше жауап нұсқаларын таңдайды. Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді. Толық жауапты қажет ететін сұрақтарда білім алушылар орындаушылық және шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөлімдерден/сұрақтардан тұрады.

III тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

Бөлім	Тексерілетін мақсат	Ойлау дағдыларының деңгейі	Тапсырма саны*	Тапсырма №*	Тапсырма түрі*	Орындау уақыты, мин*	Балл*	Бөлім бойынша балл
Қоғамдық-саяси ойдың дамуы	11.3.1.1 қоғамдық ойдың дамуын түсіндіру үшін «либерализм», «ұлтшылдық», «социал-демократия», «марксизм», «экзистенциализм», прагматизм», «позитивизм» түсініктерін қолдану	Қолдану	1	1	ТЖ	7	5	30
	11.3.2.3 қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау	Жоғарғы деңгей дағдылары	1	2	ТЖ	7	8	
	11.3.2.5 азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын бағалау	Жоғарғы деңгей дағдылары	1	3	ТЖ	13	6	
	11.3.3.10 Сингапур және Малайзия мысалында мемлекет модернизациясының ерекшеліктерін салыстыру	Жоғарғы деңгей дағдылары	1	4	ТЖ	7	6	
	11.3.3.13 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын ұсыну өзектілігін негіздеу	Жоғарғы деңгей дағдылары	1	5	ТЖ	6	5	
Барлығы:		-	5	-	-	40	30	30

Ескерту: * - өзгеріс енгізуге болатын бөлімдер

Тапсырмалар және балл қою кестесі үлгілері

«Дүниежүзі тарихы» пәнінен III тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

1. XIX – XX ғғ. Еуропадағы қоғамдық ойдың дамуына әсер еткен өзгерістердің қажеттілігін келесі ұғымдарды қолдана отырып түсіндіріңіз: «либерализм», «ұлтшылдық», «социал-демократия», «марксизм», «экзистенциализм», «прагматизм», «позитивизм». Берілген ұғымдардың ішінен өз түсіндірмеңізге сәйкес 5 ұғымды қолданыңыз.

[5]

2. Дереккөзді және өз біліміңізді қолдана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Үндістан вице-королі лорд Ирвиндті мемлекеттік тұз монополиясына қарсы «тұз шеруі» өткізу туралы ескертуден:

«Жалақыңызға қараңыз! Сізге күн сайын 700 рупийден астам ақша төлейді, ал үнділіктердің орташа кірісі күніне 2 аннға (тиын) жетпейді (алшақтық 3500 есе). Ұлыбритания премьер-министрі ақарапайым ағылшындықтан 90 есе көп алады. Сіздің алдыңызда тізе бүге отырып, осы мәселе туралы ойлануыңызды сұраймын. Сізді адам ретінде қатты құрметтеймін, ренжітуге тырыспаймын. Мүмкін барлық сомаңыз қайырымдылыққа жұмсалатын шығар, бірақ бұл жағдайды мақұлдайтын жүйе жойылуға лайық»

«Егер бұл күш (сатьяграха) бүкіл әлемге таралса, ол қоғамдық пікірге төңкеріс жасайды, Батыс Еуропаны басып алып, Шығысты бағындыруға тырысатын империализм диктатурасын жояды».

Махатма Ганди

Дереккөзі: Махатма Ганди: босоногий победитель империи
<http://baznica.info/article/makhatma-gandi-bosonogii-pobeditel-imperii/>

Махатма Гандидің Сатьяграха күресу жолының ерекшелігін жазыңыз.

[2]

Махатма Ганди күресінің себебі мен мақсатын жазыңыз.

[2]

Махатма Ганди күресінің нәтижесі туралы жазыңыз. Оның күресі тиімді болды ма?

[2]

Махатма Гандидің жетешілік роліне баға беріңіз.

[2]

3. Дереккөзді және өз біліміңізді қолдана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

... Мен, менің өкілдерім жоқ Парламент әзірлеген заңдарды орындауға құқықтық да, адамгершілік де міндеттерді сезінбеймін. Мемлекеттік биліктің негізінде халықтың еркі жатуы тиіс, барлық өркениетті әлемде мойындалған және орындалмайтын қағидат еркін және әділ құрылыстың негізі болып табылады. Дауыс беруге және мемлекеттік билік органдарының өкілі болуға құқығы бар азаматтардың неге елдегі қолданыстағы заңдарды сақтауға құқықтық және адамгершілік міндетін сезінетіні анық.

Бізге, Африка тұрғындарына, неліктен біз қабылдамаған заңдарға бағынуға құқықтық да, моральдық да міндет жоқ екенін түсінетін кез келді, сол сияқты осындай заңдарды басшылыққа алатын сотта қорғау мүмкіндігі жоқ....

Нельсон Мандела, сотта сөйлеген сөзінен
Претория, Оңтүстік Африка - 1962 жылғы 15 қазан - 7 қараша
<https://www.un.org/ru/events/mandeladay/legacy.shtml>

Нельсон Манделаның көзқарасының қалыптасуына әсер еткен екі жағдайды жазыңыз.

[2]

Нельсон Мандела күресінің неге бағытталғандың жазыңыз. Екі бағытты атаңыз

[2]

Нельсон Мандела күресінің екі нәтижесін жазыңыз.

[2]

4. Сингапур (Ли Куан Ю) және Малайзия (Махатхир Мохаммад) мемлекеттері басшыларының өз елдеріне жасаған реформа ерекшеліктерін салыстырыңыз

Салалар	Сингапур	Малайзия
Ішкі саясат		
Экономика		
Сыртқы саясат		

[6]

5. Дереккөзді және өз біліміңізді қолдана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОЛ - 2050: БІР МАҚСАТ, БІР МҮДДЕ, БІР БОЛАШАҚ
Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қыңтар

Мәңгілік Ел - ортақ тағдыр
Мәңгілік Ел - жалпықазақстандық шаңырақтың ұлттық идеясы
Мәңгілік Ел - ел болашағының іргетасы және қазақстандықтарды біріктіретін басты құндылық

«Мәңгілік елдің» 7 басты құндылығы

- Қазақстан мен Астананың тәуелсіздігі
- Біздің қоғамдағы ұлттық бірлік, бейбітшілік және келісім
- Зайырлы қоғам мен асқақ рух
- Индустрияландыру мен инновация негізіндегі экономикалық өсім
- Жалпыға ортақ еңбек қоғамы
- Ортақ тарих, мәдениет және тіл
- Жалпы әлемдік және аймақтық мәселелерді шешудегі ұлттық қауіпсіздік пен біздің еліміздің жаһандық қатысуы

Қазақстан халқы Ассамблеясы «Қазақстан - 2050» жалпыұлттық қозғалысымен бірлесе отырып, «Мәңгілік ел» Патриоттық актісін әзірлейді

Дереккөзі: "Қазақстан-2050" стратегиясы

<https://akzhaik-bko.gov.kz/kz/2050>

«Мәңгілік ел» идеясының негізгі мақсаты туралы жазыңыз.

[1]

«Мәңгілік ел» идеясы мен «Қазақстан-2050» стратегиясының өзара байланысы туралы жазыңыз.

[2]

«Мәңгілік ел» идеясы бойынша қазақстандық патриотизмді тәрбиелеудің қажеттілігі туралы жазыңыз. Бұл қазақстандық қоғамға не береді?

[2]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша мәлімет
1	XIX ғасырда пайда болған индустриялық қоғам әлеуметтік болмыстың өткір мәселелерін көтерді. Осы кезеңде Еуропада түрлі саяси ағымдар мен бағыттар пайда болды. Атап айтқанда адам құқығы мен бостандықтарын бәрінен жоғары қоятын либерализм, таптардың өзара күресін негізге алған марксизм, еңбекші халықтың, яғни жұмысшы табының хал-ахуалын жақсартуды және қорғауды қарастыратын, социал қоғам орнатуды негізге алған социал-демократиялық қозғалыс, сонымен қатар ұлт және ұлт құндылықтарын қоғамдық бірліктің жоғары нысаны ретінде қарастыратын ұлтшылдық идеялары дүниежүзі бойынша кең тарала бастады. Философиялық ой-толғаныстар шындықтың объективті заңдарын тану қажеттілігін жоққа шығаратын және шыншылықты іс жүзінде пайдалы нәтижелер беретін нәрсе ғана мойындайтын прагматизмнің, адамның өмір сүруі негізге алынған және шындықты ұғынудың негізгі әдісі ретінде түйсікті бекітетін экзистенциализм секілді бағыттардың пайда болуына әкелді.	5	Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады
2	М.Ганди өзі басшысы болып өмірге әкелген ұлт азаттығы жолындағы қозғалыстың атауы. Сатьяграха қозғалысының негізгі мәні еш қандай қарсылықсыз, қантөгіссіз, күш көрсетусіз, асқан төзімділікпен наразылықты білдіру және өз ойын жүзеге асыру.	2	Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады
	Себебі: Британия империясы Үндістанды тонап қана қоймай Үндістан жеріндегі барлық байлықты соратын жүйе құрды. Елдің бар байлығын өзгелер пайдаланып, тұрғындарды өте арзан жұмыс күші ретінде пайдалану халықтың жағдайына кері әсерін тигізді. Жоғары мөлшердегі салықтар мен ағылшындардың арзан тауарлары жергілікті кәсіпорындардың дамуына кедергі болды. Мақсаты: Ағылшын отарлауынан құтылып, Үндістанның тәуелсіздігіне қол жеткізу	2	
	Үндістанға сырттан басқыншылық тарапынан әкелінген барлық тауарларды тұтынбау, керексіз ету, тек қана үндінің тауарларын тұтыну, үнді тілінде сөйлеу, т.б. Махатма Гандидің Сатьяграха қозғалысы қойған талаптар ағылшын отарлаушыларын тығырыққа тірегені анық. Ол отарлаушылардың сырттан әкелген тауарлары - мұндағыларға мүлдем керексіз болып, Англиядағы ірі алпауыттардың өзі шашетек шығынға батып, өз үкіметіне еріксіз наразылықтар көрсете бастайды. Билік пен халық арасындағы ұзаққа созылған текетірес - ағылшын отарлаушыларын отар елдерін тастап, еріксіз	2	

	бассауғалауларына себеп болады.												
	Махатма Гандидің 20-40-шы жылдары жаппай зорлық-зомбылық қарсылық кампанияларын ұйымдастырудағы көрнекті рөлі Үндістанда оған жалпыға ортақ махаббат пен құрмет әкелді. Гандидің бұл кезеңінде ИНК идеялық көсемі ғана емес, сонымен қатар бірыңғай және еркін Үндістан үшін елдің индуистерінің, мұсылмандарының және христиандарының діни татуласуының табанды науқанын ашты. Гандидің әсері мен табандылығының арқасында елде кең және белсенді, әрі дәл жалпыұлттық, антиколониалды майдан қалыптасты және нығайған.		2										
3	Оңтүстік Африка Республикасының Парламентіне қара нәсілділер сайланбай, жалпы олардың пікірі ешбір ескерілмеді. Қара нәсілділер құқықтары тапталып, саяси, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан кемсітіліп отыруынан туындады.		2	Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады									
	Апартеидті тоқтату және жою Қара нәсілділердің ақтармен құқықтарын теңестіріп, құқықтар мен мүмкіндіктерге қол жеткізу.		2										
	Оңтүстік Африка Республикасының халқының қолдауына ие болып, Мандела қара нәсілділердің бірқатар құқықтарына қол жеткізді. 1990 жылы абақтыдан босаған соң Африка Халық конгресі партиясының жетекшісі болды. 1994 жылы Оңтүстік Африка Республикасының алғашқы қара нәсілді президенті болып сайланды.		2										
4	<table><tr><td>Салалар</td><td>Сингапур</td><td>Малайзия</td></tr><tr><td>Ішкі саясат</td><td>Өткен отарлық экономикалық үлгінің ажырамас бөлігі болған сыбайлас жемқорлыққа қарсы қатаң күрес шараларын енгізді және арзан тұрғын үй құрылысы, жұмыс орындарын құру және индустрияландыру бағдарламасын жүзеге асырды.</td><td>Ислам діні негізгі мемлекеттік дін. Ислам діні ерекшелітерін ескере отырып елдегі заңдар мен бағдарламаларды сәйкестендіру. Орта және жоғарғы білім беруді дамыту, мемлекетке қажетті сапалы мамандарды дайындау.</td></tr><tr><td>Экономика</td><td>1961 жылғы тамызда Экономикалық даму басқармасын құру – елге инвесторларды тарту. ЭДБ бизнесті ашу және дамыту бойынша барлық мәселелерді шешуі тиіс еді. ЭДБ</td><td>Мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру. Инвестицияларға үлкен көңіл бөлінді, олардың ішінде ел экономикасына ұзақ мерзімді шетелдік салымдарға ерекше</td></tr></table>		Салалар	Сингапур	Малайзия	Ішкі саясат	Өткен отарлық экономикалық үлгінің ажырамас бөлігі болған сыбайлас жемқорлыққа қарсы қатаң күрес шараларын енгізді және арзан тұрғын үй құрылысы, жұмыс орындарын құру және индустрияландыру бағдарламасын жүзеге асырды.	Ислам діні негізгі мемлекеттік дін. Ислам діні ерекшелітерін ескере отырып елдегі заңдар мен бағдарламаларды сәйкестендіру. Орта және жоғарғы білім беруді дамыту, мемлекетке қажетті сапалы мамандарды дайындау.	Экономика	1961 жылғы тамызда Экономикалық даму басқармасын құру – елге инвесторларды тарту. ЭДБ бизнесті ашу және дамыту бойынша барлық мәселелерді шешуі тиіс еді. ЭДБ	Мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру. Инвестицияларға үлкен көңіл бөлінді, олардың ішінде ел экономикасына ұзақ мерзімді шетелдік салымдарға ерекше	6	Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады
Салалар	Сингапур	Малайзия											
Ішкі саясат	Өткен отарлық экономикалық үлгінің ажырамас бөлігі болған сыбайлас жемқорлыққа қарсы қатаң күрес шараларын енгізді және арзан тұрғын үй құрылысы, жұмыс орындарын құру және индустрияландыру бағдарламасын жүзеге асырды.	Ислам діні негізгі мемлекеттік дін. Ислам діні ерекшелітерін ескере отырып елдегі заңдар мен бағдарламаларды сәйкестендіру. Орта және жоғарғы білім беруді дамыту, мемлекетке қажетті сапалы мамандарды дайындау.											
Экономика	1961 жылғы тамызда Экономикалық даму басқармасын құру – елге инвесторларды тарту. ЭДБ бизнесті ашу және дамыту бойынша барлық мәселелерді шешуі тиіс еді. ЭДБ	Мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру. Инвестицияларға үлкен көңіл бөлінді, олардың ішінде ел экономикасына ұзақ мерзімді шетелдік салымдарға ерекше											

		қызметінің негізгі бағыттары анықталды. Басым деп танылған өнеркәсіптің төрт саласы: кемелерді бөлшектеу және жөндеу, машина жасау, химия өнеркәсібі, электр жабдықтары мен аспаптар өндірісі.	құқықтар берілді. Ислам банкінің дамуы, финан орталығына айналуы.		
	Сыртқы саясат	Бизнеске қолайлы ортаны қалыптастыру арқылы елге инвестициялар ағылып, Сингапур Азиядағы ең дамыған елдер қатарына кірді. Сыртқы саясатта сауда қатынастарына аса қатты көңіл бөлініп, көптеген елдермен бейбіт қатынастар орнатылған.	Көршілес елдермен бейбіт қарым-қатынас орнатылған, басымдылық мұсылман елдеріне беріледі, Израиль мемлекетімен байланыстар үзілген (М.Мохаммадтың елді сынаулары үшін), АҚШ-тың жүргізетін саясатын қолдамайды, бірақ алып мемлекет ретінде таниды		
5	«Мәңгілік ел» идеясының негізгі мақсаты — елімізді дамыған мемлекетке айналдыруда ұлттық мүддені, рухани дүниені жаңғыртуды және өзіміздің қазақ ұлтының мерейін асыруға, қалыптасқан тарихи үрдістерін жаңғырту.			1	Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады
	«Қазақстан-2050» Стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі. Тәуелсіз елді өз қолымен құрған буыннан басталған ұлы істерді кейінгі ұрпақтың лайықты жалғастыратынына кәміл сенемін. Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз». Н.Назарбаев			2	
	«Қазақстан-2050» стратегиясы Қазақстанның даму жоспары, мақсаты - мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы. Жүзеге асу барысында Мәңгілік ел құндылықтарының да жүзеге асады.				
	Қазақстандық патриотизм арқылы өз елін сүйетін, өз елі үшін жаны ашитын азаматтарды тәрбиелеу арқылы ел дамуына үлес қосатын ұрпақты қалыптастыру. Қазақстандық патриотизм арқылы елде еліміздегі бейбітшілік, бірлікпен тәуелсіздікті сақтау.			2	
Барлығы				30	

IV ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

IV тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны – 30 балл

Тапсырмалар түрлері:

КТБ – көп таңдауы бар тапсырмалар

ҚЖ – қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар

ТЖ – толық жауапты қажет ететін тапсырмалар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі тапсырмалар: көп жауапты таңдауы бар сұрақтар, қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады. Берілген нұсқа қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтитын 5 тапсырмадан тұрады. Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы жауап нұсқаларының ішінен бір немесе бірнеше жауап нұсқаларын таңдайды. Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді. Толық жауапты қажет ететін сұрақтарда білім алушылар орындаушылық және шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөлімдерден/сұрақтардан тұрады.

IV тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

Бөлім	Тексерілетін мақсат	Ойлау дағдыларының деңгейі	Тапсырма саны*	Тапсырма №*	Тапсырма түрі*	Орындау уақыты, мин*	Балл*	Бөлім бойынша балл
Білім мен ғылымның дамуы	11.4.1.4 мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлін талдау	Жоғарғы деңгей дағдылары	1	1	ҚЖ	7	5	30
	11.4.1.9 заманауи жоғары білім беру үлгілерін салыстырып, артықшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау	Жоғарғы деңгей дағдылары	1	2	ҚЖ	8	6	
	11.4.2.2 әртүрлі мемлекеттердегі өнеркәсіп революциясының ерекшеліктерін анықтап, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау	Қолдану	1	3	ҚЖ	7	5	
	11.4.2.5 қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-техникалық прогресстің әсерін зерттеу	Жоғарғы деңгей дағдылары	1	4	ТЖ	13	10	
	11.4.3.5 жаңа ғылыми бағыттар жетістіктерінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін талдау	Жоғарғы деңгей дағдылары	1	5	ТЖ	5	4	
Барлығы:		-	5	-	-	40	30	30
<i>Ескерту: * - өзгеріс енгізуге болатын бөлімдер</i>								

Тапсырмалар және балл қою кестесі үлгілері
«Дүниежүзі тарихы» пәнінен IV тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

1. Мемлекеттің дамуына орта білім беру саласының дамуы қандай жетістіктер мен өзгерістер әкеледі? Әрбір салаға бір дәлелден (мысалдан) келтіріңіз.

Рухани-мәдени	Әлеуметтік-экономикалық	Саясат
Жалпы қорытынды		

[5]

2. Дереккөзді және өз біліміңізді пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Еуропада бакалавриат академиялық және кәсіби болып бөлінеді. Академиялық бакалавриат ғылым және өнер бакалаврларын даярлауды көздейді. Осы бағыттар бойынша оқитын студенттер, мысалы, экономика бакалавры немесе құқықтану бакалавры сияқты кең маманданданады, бұл АҚШ, Ұлыбритания және Еуропа бакалавриатының түлектеріне жалпы түрлі салаларда жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Кәсіби бакалавриат бағдарламасы минималды мамандандырылған кәсіпкерлерді дайындайды. Кәсіби бакалавриат кәсіптік пәндерді тек үшінші курста оқыта бастайды. Бұған дейін студенттерді жалпы пәндер мен таңдау пәндері бойынша оқытады.

Ресей Федерациясында бакалавриат академиялық және кәсіптік деп бөлу бағдарламасы көптеген жоғары оқу орындарында 2014 жылдан бастап енгізіле бастады. Академиялық бакалавриаттағы оқу түрі әр түрлі болуы мүмкін.

Қолданбалы бакалавриат студенттерге оқуын аяқтағаннан кейін бірден қосымша тәжірибе алмастан жұмысқа кірісуге мүмкіндік беретін жұмыс орнында практикалық сабақтар мен тренингтер өткізуді қамтамасыз етеді. Қолданбалы бакалавриаттағы оқу түрі тек күндізгі болып табылады.

Сонымен қатар, АҚШ, Ұлыбритания және Ресейдің жоғары оқу орындарында оқыту әдістерінде айырмашылықтар бар. АҚШ-тағы оқыту әдістемесі студенттің өзіндік жұмысына бағытталған, ол оқытушымен қарым-қатынас арқылы университеттің веб-сайты арқылы апта сайын сұрақтар мен пікірталас тақырыптарын жібереді. Егер АҚШ-та студентпен қарым-қатынас көбінесе сырттай болса, онда ресейлік білім беру жүйесі негізінен күндізгі оқытуға бағытталған.

Дереккөзі: Зайцева Е. А. Сравнительный анализ систем высшего образования в США, Великобритании и Российской Федерации // Молодой ученый, 2015, №7
<https://moluch.ru/archive/87/16880/>

Еуропа елдерінің, АҚШ-ң бакалавриат жүйесінің тиімділігін жазыңыз.

[1]

Студенттің өзіндік жұмыс жасауына бағытталған әдістеменің артықшылығын жазыңыз.

[1]

Студенттің өзіндік жұмыс жасауына бағытталған әдістеменің кемшілігін жазыңыз.

[1]

Ресейдегі секілді оқытушы мен студенттің тікелей қарым-қатынасының (күндізгі оқу, аудиториялық сағат) артықшылығы туралы жазыңыз.

[1]

Ресейдегі секілді оқытушы мен студенттің тікелей қарым-қатынасының (күндізгі оқу, аудиториялық сағат) кемшілігі туралы жазыңыз.

[1]

Академиялық және кәсіби/қолданбалы бакалавриаттың қайсысы студент үшін тиімді деп ойлайсыз? Неге екенін түсіндіріңіз.

[1]

3. Дереккөзді және өз біліміңізді пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Францияда өнеркәсіптік төңкеріс, яғни мақта иіруді механикаландырудың басталуы XVIII ғасырдың 80 ж. жатады. Өнеркәсіптік төңкерістің жүзеге асырылуы Англиядан машиналарды әкелу негізінде жүргізілді. Өнеркәсіп төңкерісінің нәтижесі Францияның индустриялық-аграрлық елге айналуына әкелді, онда халықтың 2/3 бөлігі ауыл шаруашылығы өндірісінде жұмыс істеді.

Германиядағы индустрияға мануфактурадан көшудің кешеуілдеуі елдегі феодалдық қалдықтардың таралуына және неміс жерлерінің бытыраңқылығымен түсіндіріледі. Германиядағы өнеркәсіптік төңкерістің соңғы кезеңі үшін өндіріс құрылымын одан әрі жетілдіру және әскери және ауыр өнеркәсіптің өсуі тән болды.

XIX ғ.30-40 жж. феодалдық қатынастардың үстемдігі жағдайында Ресейдегі өнеркәсіптік төңкеріс басталды.

Қол еңбегінен машинаға көшу еңбек өнімділігі мен өндіріс көлемінің өсуін қамтамасыз ете отырып, мақта – мата саласын, одан кейін-қант қызылшасы, жазу-қағаз салаларын қамтыды.

Егер 1851 жылы Ресейде 19 машина жасау зауыты жұмыс істесе, 1860 жылы 99 зауыт жұмыс істеді. 1860 жылы барлық өңдеу өнеркәсібі өнімінің 56,8% - ын фабрикалар мен зауыттар берді. 1879 жылға қарай металл өңдеу кәсіпорындары 86,3% өнім өндірді.

Дереккөзі: Особенности промышленного переворота в различных странах
<http://maxbooks.ru/worhi1/histos23.htm>

Өнеркәсіп төңкерісінің ерекшеліктері, айырмашылықтары		
Франция	Германия	Ресей
Ұқсастықтары, ортақ белгілері		

[5]

4. Ғылыми-техникалық прогресстің түрлі салаларға әсерін бағалаңыз

Жаһандық мәселелер	Қалай әсер етеді?	Нақты дәлел, мысал
Экология (климаттық өзгеріс)		
Адамзаттың демографиялық мәселесі		
Азық-түлік мәселесі		
Соғыстар (терроризм) мәселесі		
Энергетикалық мәселе		

[10]

5. Қазіргі кездегі жаңа ғылыми бағыттар жетістіктері мемлекеттің дамуына қалай әсер ететіндігі туралы кестені толтырыңыз

Жаңа ғылыми бағыттардың мысалы: гендік инженерия, нанотехнология, бионика, кванттық биология, экзометеорология және т.б.

	Оң әсері	Теріс әсері
Экономикалық даму		
Әлеуметтік даму		

[4]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап			Балл	Қосымша мәлімет
1	Рухани-мәдени	Әлеуметтік-экономикалық	Саясат	5	Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады
	Жауапты азамат	Адами капиталдың қалыптасуы Әлеуметтену Қоғамдық жұмыстарға қатысу арқылы еңбекке баулу	Саяси жауапкершілікті қалыптастыру, құқықтары мен міндеттерін айқындау.		
	Жалпы қорытынды				
	Орта білім негізінде сауатты, жан-жақты, құқықтар мен міндеттерді түсінетін халықты қалыптастыру мүмкін				
	Орта білім негізінде экономикалық белсенді халықты қалыптастыру мүмкіндігі жоғарылайды				
2	Мамандану аясы кең болғандықтан, студенттерге болашақта бірнеше салаларда жұмыс жасау мүмкіндігі бар.			1	Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады
	Өзіндік жұмыс барысында студенттер өз бетінше білім алып, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл студенттің өз алдына нақты мақсат қойып, оған жетудегі мүмкіндіктерін кеңейтеді.			1	
	Нақты бағыт-бағдар немесе түсінік болмаған жағдайда қателіктер жіберуі мүмкін.			1	
	Студент оқытушымен тікелей қарым-қатынас арқылы оқу бағдарламасын ауытқуларсыз жүргізуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, бағдарлама бойынша түсінбеген тұстарын оқытушыдан сұрап, өз оқуына түзетулер енгізеді.			1	
	Сабакқа тікелей қатысу студенттің уақытын алуы мүмкін, әсіресе студент озат болған жағдайда, ол тақырыптарды ертерек меңгеруі мүмкін.			1	
	Академиялық оқу бағдарламасы кеңінен мамандандырады және кең жұмыс салаларын қамтамасыз ете алады. Кәсіби/қолданбалы оқу бағдарламасы тәжірибе жинақтап, нақты сала бойынша мамандық алуға септігін тигізеді.			1	
3	Ерекшеліктері, айырмашылықтары			5	Мағынасы сәйкес жауаптар қабылданады
	Франция	Германия	Ресей		
	Англиядан машиналарды әкелу негізінде жүргізілді	Әскери және ауыр өнеркәсіптің өсуі	Кешеуіл жүргізілді. Металл өңдеу өндірісі қарқынды дамыды		
	Ұқсастықтары, ортақ белгілері				
	Феодалдық қатынастардан капитализмге өту				
	Аграрлы дамудан аграрлы-индустриалық дамуға өту				
4	Жаһандық мәселелер	Қалай әсер етеді?	Нақты дәлел, мысал	10	Мағынасы сәйкес жауаптар
	Экология	Табиғи байлықтардың	Орман		

	(климаттық өзгеріс)	барлық түрлерін - пайдалы қазбаларды, ауыл шаруашылығына арналған жерді, орманды, теңіз өнімдерін, суды, ауаны қуатты тұтыну нәтижесінде олардың тапшылығы проблемасы күрт шиеленісіп кетті.	алқаптарының азаюы және шөлейттену. Бүгінде құрғақ аудандар жер шарындағы жердің 41% - дан астамын құрайды	қабылданады
	Адамзаттың демографиялық мәселесі	Өндірістегі адам маңызының азаюы, соның салдарынан жұмысшылар санының төмендеуі - жұмыссыздықтың өсуі - халықтың кедейлер мен байларға неғұрлым айқын бөлінуі	Миграция мәселесі: неғұрлым экономикалық дамуы төмен елдерден дамыған елдерге көшу үдерісі (Африка, Азия елдерінен АҚШ, Еуропа елдеріне)	
	Азық-түлік мәселесі	жаңа технологияларды игеру, өсімдіктердің және жануарлар тұқымдарының жоғары өнімді, ауруға төзімді сорттарын шығару есебінен механикаландыру, химияландыру, өндірісті автоматтандыру есебінен ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін ұлғайту.	Биотехнологияның дамуы нәтижесінде түрлі климаттық жағдайда өсе алатын өсімдіктер өсіру. Осы саладағы көшбасшылардың бірі-Қытай. 2004 жылдан бастап трансгендік өсімдіктердің көптеген түрлері коммерциялық өндіріске жіберілді, олардың ішінде — жәндіктерге төзімді мақта және бидай, биотехнологиялық күріш және фитазамен байытылған жүгері.	
	Соғыстар (терроризм) мәселесі	Жаппай қырып-жою қаруы мен оны жеткізу құралдарын жетілдіру	1986 жылы Кариб теңізінде ядролық бастары	

		оны тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, жекелеген, салыстырмалы түрде аз террористік ұйымдар да қолдануға мүмкіндік берді	бар зымырандар орналастырылған кеңестік атом су асты қайығы су астына кетті. 1989 жылы Норвегия теңізінде бортында ядролық оқ-дәрілері бар торпедалар «Комсомолец» көп мақсатты атом су асты қайығы батып кетті. Мұның барлығы, жанама болсын, ядролық қарудың террористердің қолына түсуіне ықпал етуі мүмкін.		
	Энергетикалық мәселе	Қазіргі заманғы техника адамға өзендер мен сарқырамалар, теңіз және мұхит толқындары, жел, геотермалды энергия, күн сәулесінің энергиясын және тіпті атом энергиясын кеңінен және тиімді пайдалануға мүмкіндік береді	Атом, жел, күн энергиясы дамуы. АЭС басым көпшілігі Еуропа, Солтүстік Америка, Қиыр Шығыс Азия елдерінде және бұрынғы КСРО аумағында орналасқан, ал Африкада олар жоқ, ал Австралия мен мұхиттарда олар мүлдем жоқ		

		Оң әсері	Теріс әсері		
	Экономикалық даму	Мысалы: гендік инженерия. Адамдардың сау, әр түрлі және баға бойынша қолжетімді азық-түлік қажеттіліктерін қамтамасыз ету қабілеті.	Ғалымдар сатуға арналған өсімдіктерді тұқым өндіруге қабілетсіз болуына қол жеткізді. Бұл фермерлер келесі жылы тұқым жинай алмайды дегенді білдіреді және оларды қайта сатып алу керек.		
	Әлеуметтік даму	Мысалы: нанотехнология. Аз мөлшердегі заттарды дайындау оларды энергиялық тиімді етеді, осылайша адамдардың энергияға шығындарын төмендетеді.	Жоғары технологиялық нанотехнологиялар дамыған ғылыми базасы бар елдердің аз ғана санына ғана қол жетімді болуы мүмкін, соның нәтижесінде ғылыми-техникалық революция бай және кедей мемлекеттер арасындағы әлемнің бөлінуін одан әрі тереңдетуге алып келеді.	4	
Барлығы				30	